

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі арасындағы әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 464 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі арасындағы әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Нұрлан Ермеқұлы Сауранбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі арасындағы әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.04.2015 № 198 қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Премьер-Министрі К. Мәсімов  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғы 1 6 с ә у і р д е г і  
№ 4 6 4 қ а у л ы с ы м е н  
мақұлданған  
Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі арасындағы әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі, өздерінің Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына адалдығын растай отырып, өзара құрмет пен сенім, тең құқықтық пен өзаралық қағидаттары негізінде

ынтымақтастыққа ұмтылысын білдіре отырып,  
Тараптар мемлекеттері арасындағы бейбітшілікті, сенімді, тұрақтылықты нығайту және әскери саладағы қатынастарды дамыту қажеттілігін назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

### **Уәкілетті органдар**

Мыналар осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар болып табылады:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;  
Иордания Тарапынан - Иордания Қарулы Күштері.

## **2-бап**

### **Ынтымақтастық салалары**

1. Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай салаларда жүзеге асырылады:
    - 1) қорғаныс саясаты және қауіпсіздік;
    - 2) қару-жарақты, әскери техника мен оқ-дәрілерді жеткізу;
    - 3) бейбітшілікті қолдау және гуманитарлық көмек көрсету жөніндегі операцияларды өткізу мәселелері бойынша консультациялар;
    - 4) қару-жарақты бақылау;
    - 5) тылдық қамтамасыз ету;
    - 6) әскери білім беру;
    - 7) әскери медицина;
    - 8) әскери-ғылыми қызмет және әскери тарих;
    - 9) армиядағы қоғамдық, мәдени және спорттық жұмыстар;
  - 10) Тараптар бірлесе отырып айқындаған ынтымақтастықтың басқа да салалары.
2. Ынтымақтастықтың нақты салаларын іске асыру мақсатында Тараптардың уәкілетті органдары жекелеген халықаралық шарттар жасасуы мүмкін.

## **3-бап**

### **Ынтымақтастық нысандары**

Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- 1) Тараптар өкілдерінің ресми сапарлары;
- 2) Тараптар делегацияларының жұмыс кездесулері;
- 3) тәжірибе алмасу және консультациялар өткізу;
- 4) оқыту жобаларына, тағылымдамаларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
- 5) әскери оқу-жаттығуларды өткізу кезінде байқаушылардың қатысуы;
- 6) конференциялар мен семинарларға қатысу;

- 7) құжаттамамен және ғылыми еңбектермен алмасу;
- 8) өзара мүддені білдіретін құпия емес ақпаратпен алмасу;
- 9) концерттер, көрмелер және басқа да мәдени іс-шаралар;
- 10) Тараптар айқындаған өзге де ынтымақтастық нысандары.

#### **4-бап**

##### **Бірлескен комиссия**

Осы Келісім шеңберінде Тараптардың уәкілетті органдары әрбір тараптан жеті мүшеден аспайтын құрамнан тұратын, осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген іс-шараларды айқындауға, ұйымдастыруға және үйлестіруге уәкілетті бірлескен Қазақстан-Иордан әскери комиссиясын (бұдан әрі - комиссия) құрады.

Комиссияны әрбір Тараптың баламалы атақтары бар өкілдері кезекпен басқарады.

Комиссия Тараптардың уәкілетті органдарының келісуі бойынша қажеттілігіне қарай Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында кезекпен отырыс өткізеді.

#### **5-бап**

##### **Жабдық пен материалдық құралдар**

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қару-жарақты, әскери техника мен оқ-дәрілерді өзара жеткізулерге ықпал етеді. Бұл жеткізулер осы Келісім шеңберінде мемлекетаралық операциялар жолымен немесе Тараптар уәкілеттілік берген жеке компаниялар арқылы жүзеге асырылады.

2. Тараптар осы Келісімді іске асыру шеңберінде алынған қару-жарақты, әскери техника мен оқ-дәрілерді осы қару-жарақты, әскери техника мен оқ-дәрілерді берген Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа бере немесе сата алмайды.

#### **6-бап**

##### **Шығыстар**

Егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Келісімді іске асыру жөніндегі шығыстарды дербес көтереді.

#### **7-бап**

##### **Заңдық құзыреттілік**

1. Жіберуші Тарап делегациясының мүшелері қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын бұзған жағдайда қабылдаушы Тарап соңғыларға қатысты өзінің заңдық құзыретін қолданады.

2. Жіберуші Тарап өз делегациясының мүшелеріне қабылдаушы Тарап мемлекетінің

а у м а ғ ы н д а

м ы н а л а р д ы :

1) жіберуші Тарап мемлекетінің қауіпсіздігіне немесе меншігіне қауіп төндіретін қ ұ қ ы қ б ұ з у ш ы л ы қ т а р д ы ;

2) қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі әрекеті немесе әрекетсіздігі жағдайында туындаған қасақана немесе абайсызда жасалған құқық бұзушылықтарды жасаған жағдайда өзінің заңдық құзыретін қолдануға құқылы.

3. Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда жіберуші Тарап мемлекетінің құзыретті органдары қабылдаушы Тарап мемлекетінің тиісті құзыретті органдарын өз ниеті туралы жазбаша түрде хабардар ете отырып, соңғысы оған өз келісімін берген жағдайда өз мемлекетінің заңдық құзыретін қолдану құқығынан бас тартуы мүмкін.

## **8-бап**

### **Ақпарат алмасу**

1. Тараптар осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық бойынша іс-шараларды дайындау және өткізу барысында алынған ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

2. Тараптар арасындағы ынтымақтастық барысында алынған ақпарат Тараптар мемлекеттерінің мүдделеріне залал келтіруге пайдаланылмайды.

3. Тараптар ақпаратты берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз екіжақты ынтымақтастық барысында алынған ақпаратты үшінші елдерге, адамдарға немесе ұ й ы м д а р ғ а б е р м е й д і .

4. Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес берілетін құпия ақпаратты қорғау құпия ақпаратты өзара қорғау туралы жекелеген халықаралық шартпен реттеуге жатады.

## **9-бап**

### **Келіспеушіліктерді реттеу**

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер және/немесе консультациялар жолымен шешеді.

## **10-бап**

### **Өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын, жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 11-бап

### Күшіне және қолданысқа енгізу

1. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады, ол аяқталғаннан кейін егер Тараптардың бір де біреуі тиісінше алғашқы бесжылдық немесе кейінгі жылдық мерзімдердің аяқталуынан кем дегенде алты ай бұрын өзінің осы Келісімді ұзартпау немесе қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша түрде дипломатиялық арналар арқылы басқа Тарапқа хабарламаса, автоматты түрде кейінгі жылдық мерзімдерге ұзартылады.

2. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

3. Осы Келісімнің қолданысын тоқтату Тараптар арасында оларға қатысты басқаша уағдаластық болған жағдайлардан басқа, осы Келісім шеңберінде басталған іс-шараларды орындауға әсер етпейді.

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, араб, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Иордан Хашимит Корольдігінің*

*Үкіметі үшін*